



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 62 (8449) Сейсенбі 14 маусым 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзақская районная газета

ЖЕР МӘСЕЛЕСІ-ЕЛ МӘСЕЛЕСІ

ТҮРҒЫНДАР ҰСЫНЫСЫ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

М.МАНЕКЕЕВ,
«Ауыл жаңалығы».

Бүгінгі таңда ауданымызда Қазақстан Республикасының Жер Кодексіне енгізілген өзгерістерді және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамаларына қатысты туындаған сұрақтарды аудан тұрғындарына түсіндіру мақсатындағы жұмыстар өз жалғасын табады.

Өткен аптада аудан әкімі Мұратхан Шүкеевтің төрағалығымен Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру шеңберіндегі Жер кодексіне енгізілген өзгерістерді Диқан және Түймекент ауылдық округтерінің тұрғындарына түсіндіруді мақсат еткен жиында осы жылдың 1 шілдесінен бастап жерді аукцион арқылы сату мәселесі, ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы заң және басқа да нормативтік құжаттарға енгізілген өзгерістер жайы кеңінен талқыланды.

Аудан әкімі Мұратхан Жүнісәліұлы Жер Кодексіндегі кейбір баптарға мораторий жариялағанын, ол жөнінде Қазақстан Республикасы бойынша комиссиялар құрылып, жұмыстар атқарып жатқанын айта келе, ауыл тұрғындарына дәрігерлік, ветеринариялық және білім салалары бойынша туындаған мәселелері болған жағдайда сұрақтарын қоюға болатындығын жеткізді.

Жиын барысында еңбек ардагері Ж.Үсенов учаскелік полиция инспекторының жұмысын жандандыру қажеттігін алға тартып, ауылдық дәрігерлік амбулатория тарапынан берілетін дәрі-дәрмектің жетіспеушілігіне алаңдаушылығын білдірді. Сондай-ақ, ауыл ішіндегі көше бойына жүргізілген ауыз су жүйесі аталмыш көшенің екінші бетіне де тартылса деген ұсынысын жеткізсе, Аймантөбе ауылының тұрғыны З.Байбосынов үй салуға жер телімі берілсе деген сауалын жолдады.

Түймекент ауылдық округі тұрғындарының атынан сөз алған еңбек ардагері Т.Әшімов Ақжар ауылында егесіз жатқан 44

жер учаскесін заңдастыра алмай келе жатқандарын айтып шағымдана келе, Жер Қазақстан Республикасының азаматтарына жалға беріліп, шетел азаматтарына жер жалға берілмесін деген ұсынысын білдірді. Сонымен қатар, ауылдық округ ардагерлері кеңесінің төрағасы О.Бозай ауыл маңайында жыл өткен сайын мал жайылымының тарылып бара жатқанын, жаңадан бой көтерген мектеп жанындағы өзен бойынан қосымша жаяу жүргіншілер көпірін салу қажеттігін айтты. Осы басқосуда ауыл тұрғындары тарапынан жайылым жердің жоқтығы, егістік пен жайылымдықты жайлаған шегірткенің зияны туралы сауалдар да қойылды.

Тұрғындардың әрбір өтініш-ұсыныстарын мұқият тыңдаған аудан басшысы оның ешбірі назардан тыс қалмайтынын айта келе, қазіргі таңда елімізде әр түрлі теріс пиғылды оқиғалардың орын алып отырғанын атап өтті. Ол - жер мәселесі бойынша және Ақтөбе қаласында орын алған террористік оқиғалар. Сол себепті бірлік пен татулықты сақтап, алауыздыққа

жол бермей, теріс әрекеттерге тыйым салуымыз қажет екендігіне тоқталды.

Күн тәртібіндегі мәселеге қатысты жиынды қорытындылаған аудан басшысы ауыл тұрғындарына қазақ халқы үшін ең қымбат жер екендігін айтып, елдің тыныштығын, халық арасындағы достық пен ынтымақтастықты сақтап, жер мәселесі туралы алаңдамай тыныш өмір сүруге шақырып, алдағы уақытта туындаған сауалдар мен сұрақтар болса ауылдық округ әкіміне және аудан әкіміне тікелей келіп толық жауабын алуға мүмкіндіктері бар екендігін жеткізді.

Екі ауылдық округте ұйымдастырылған жиынға аудан әкімінің орынбасарлары Д.Сұлтанбеков, С.Кенжебаев, аудандық ішкі істер бөлімі жергілікті полиция қызметінің бастығы А.Дауренбеков, аудан әкімдігі жер қатынастары бөлімінің басшысы Т.Қырғызбаев, аудандық орталық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Г.Мамырбаева, ауылдық округ әкімдері, шаруа қожалық жетекшілері қатысып отырды.

“Қазақстан-2050” стратегиясы: Азық-түлік қауіпсіздігі

АЛМАТЫЛЫҚТАР АЛҒЫСЫНА БӨЛЕНДІ

М.ШАЛҒЫНБАЙ,
«Ауыл жаңалығы».

Алматы қаласының айналасында азық-түлік белдеуін құру жөніндегі Елбасының тапсырмасын орындау мақсатында Алматы қаласының «Астана» алаңында Жамбыл облысының барлық аудандары мен Тараз қаласының ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің қатысуымен жәрмеңке болып өтті.

жұлдыз ауылдық округінде орналасқан «Рола-7» ЖШС-і үш тонна ет өнімдерін (жылқы, сиыр, қой), үш тоннадай сүт өнімдерін, екі тонна шұжық өнімдерін, тоғыз тоннаға жуық көкөністер, екі тонна макарон өнімдерін, төрт жүз литр қымыз бен шұбат және 5000 дана жұмыртқаны Алматы қаласының тұрғындарына 15-20 пайыз төмен бағамен ұсынды. Алматы қаласындағы жәрмеңкені жоғары деңгейде өткізу мақсатында Жамбыл облыстық



Аталмыш жәрмеңкеге келген Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек пен Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаев сауда қатарларын аралап, тауарлардың сапасы мен баға деңгейіне баға берді.

Жамбыл облысы тауар өндірушілерінің қатысуымен өткізілген ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне біздің аудан да өз үлесін қосты. Атап айтқанда, Бәйтерек ауылдық округіндегі «Дәурен», Сарыкемер ауылдық округіндегі «Ержан» шаруа қожалықтары, Қостөбе ауылдық округіндегі «Ақ ниет» шаруа қожалығы мен «Лесная», «Мамбетова Р» жеке кәсіпкерліктері, Көктал ауылындағы «Жамбыл Құс» ЖШС-і мен Қызыл

филармониясы 3-4 сағаттық концерт ұйымдастырды.

Айта кетелік, Жамбыл облысынан Алматы қаласына жалпы сомасы 108,3 млн. теңгеге экологиялық жағынан таза 155 тонна өнім жеткізілді. Олардың ішінде ет өнімдері - 36 тонна, жеміс-көкөніс өнімдері - 93 тонна, сүт өнімдері - 13 тонна, басқа да өнімдер - 13 тонна. Сонымен қатар, жәрмеңкеде Алматы қаласының тамақ өнеркәсібі саласында жұмыс атқаратын 40 кәсіпорынның тауарлары сатып алуға ұсынылды.

Алматыда ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері азық-түлік нарығындағы бағаны тұрақтандыру мақсатында соңғы сегіз жылдан бері тұрақты түрде өткізілуде.

Аудандық әкімдікте

МАҢЫЗЫ ЗОР СЕМИНАР

Г. ӘБДІҚҰЛОВА,
«Ауыл жаңалығы».

Аудандық әкімдікте «Бизнестің жол картасы-2020» БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ МЕН ДАМУДЫҢ БЫРҢҒАЙ БАҒДАРЛАМАСЫ, «Жұмыспен қамту жол картасы-2020», «Агробизнес-2020» БАҒДАРЛАМАЛАРЫ АЯСЫНДА МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН КӨРСЕТІЛГЕН ҚОЛДАУЛАР ЖӨНІНДЕ АУДАН КӘСІПКЕРЛЕРІМЕН, ТҮРҒЫНДАРЫМЕН ӨТКЕН СЕМИНАРДЫ АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ Д. СҰЛТАНБЕКОВ АШЫП, ЖҮРГІЗІП ОТЫРДЫ.

Алқалы жиында алдымен сөз алған Жамбыл облысы әкімдігі кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасының шағын және орта бизнесті дамыту бөлімінің басшысы Д.Назарбеков «Бизнестің жол картасы- 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың өзгеріс енген жаңа бағдарламасының 2015 жылдың 31 наурызында Қазақстан

құнының 50%-дан аспау қажеттігін де айтып өтті. Бұдан соң «Даму» кәсіпкерлікті қолдау орталығының менеджері Е.Райымбеков сөз алды. «Бизнестің жол картасы-2020»-бизнесті қолдау мен дамытудың бірінғай бағдарламасының пайыздық мөлшерлемені субсидиялау шартымен екінші деңгейлі банктер арқылы берілетін

бола алатындығын жеткізді.

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ менеджері Ә. Нұрәлиев болса акционерлік қоғамның бүгінгі күні 3 бағыт, яғни біріншісі «Агробизнес -2020» бағдарламасының «Ырыс» бағдарламасы, екіншісі «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы, үшіншісі-тамшылатып суару жүйесін несиелендіру туралы кеңінен мәлімет берді.

«ҚазАгроМаркетинг» АҚ директоры А. Қуанышбаев мемлекет тарапынан беріліп жатқан қолдауларға жеке-жеке тоқталды. Мәселен, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар мемлекеттік бағдарламалармен алған техникаларына су



Республикасы Үкіметінің №168 қаулысымен қабылданғандығын айтып, бағдарламаның 2-ші тетігіне тоқталды.

Атап айтқанда, мемлекеттік гранттық қаржыландыру тетігі бойынша ауданның әр азаматы аталған бағдарламаға қатысуға болатындығын және бағдарлама тетігі бойынша аталмыш грантты алу үшін жаңа жобалар ұсынылуы қажет екендігін әңгімеледі.

Ол сонымен қатар индустриалдық инфрақұрылым тетігі бойынша кез келген жеке меншік кәсіп иесі өз кәсібіне қажетті инфрақұрылымды тарту үшін қажетті жобаның жобалық сметалық құжаттарын әзірлеп, оны мемлекеттік сараптамадан өткізуі қажет екендігін және жобаның жобалық құны жүргізілетін инфрақұрылымның жобалық

несиелердің үстеме ақысы 19% құрайтындығын, кәсіп ашуға немесе кәсібін кеңейтуге берілетін несиелер үшін қажетті құжаттарды (бизнес-жоспар) дайындауға орталық тарапынан әрдайым қолдау көрсетілетіндігін тілге тиек етті. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ менеджері Ж. Оралбеков өз сөзінде ауыл шаруашылығы саласы бойыншы кәсіпкерлерге лизинг жүйесімен берілетін техникаларды алудың шарттарын баяндаса, «Қазақстан Халық банкінің» менеджері Н. Мамбетов банктен аталған бағдарлама бойынша алынатын несиеге қойылатын кепілдікті 50%-дық есеппен есептелініп бағаланатындығын немесе кепіл құны жобаға қажетті соммаға жетпеген жағдайда «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры 85 пайызға дейін кепіл

ұңғымаларын қаздырғаны үшін шығын сомаларының 30%-дан 80% дейін (трактор – 50%, су қазу -30%) субсидиялау арқылы берілетіндігін түсіндірді. Ол үшін кеткен шығындарды растайтын құжаттар түгел өткізілген жағдайда бір айдың көлемінде төленетіндігін жеткізді.

Семинар барысында Бәйтерек ауылдық округіне қарасты «Барзани» шаруа қожалығының жетекшісі Ю.Сүлейманов, аудан тұрғыны Т.Ташбаев, Үлгілі ауылдық округінің әкімі Д.Мәдешов, аудан әкімдігі жұмыспен қамту бөлімінің басшысы А.Скаковтар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, жауаптар алды.

Келелі жиынды аудан әкімінің орынбасары Дулат Әбенұлы қорытып, келген қонақтарға алғысын айтты.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БАЙЗАҚ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ШЕШІМІ

13 маусым 2016 жыл

№11

Сарыкемер ауылы

Көптерек және Қостөбе ауылдық округтері әкімдерінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңына, «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату қағидаларының 5 бабының 45 тармағына сәйкес, Байзақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Көптерек және Қостөбе ауылдық округтері әкімдерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, Көптерек және Қостөбе ауылдық округтері әкімдерінің кезектен тыс сайлауы 2016 жылдың 13 шілдесіне тағайындалсын.

2. Осы шешімнің орындалуын Байзақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы Ашимова Гулнар Талипбаевна жүктелсін.

Комиссия төрағасы

А.Туленбергенов.

Байзақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2016 жылғы 13 маусымдағы №11 шешіміне қосымша

Байзақ ауданы Көптерек және Қостөбе ауылдық округтері әкімдерінің кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары

1. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік тұрғындарының назарына жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау күні туралы хабарды жеткізу.

Аумақтық сайлау комиссиясы

(т.11)

2. Бұқаралық ақпарат құралдарына тиісті аумақтық сайлау комиссиясының құрамын жариялау.

Аумақтық сайлау комиссиясы

Сайлау тағайындалғаннан кейін 10 күннен кешіктірмей, **23 маусым 2016 жыл.**

(пп.1,7)п.9)

3. Әкімдікке кандидаттарды балама негізде аумақтық сайлау комиссиясына тиісті әкімнің ұсынымы мен кандидаттардың тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында әкімдікке кандидаттар ретінде дауысқа түсуге келісетіні туралы өтініштерді беруі арқылы ұсыну.

Аудан әкімі

Сайлау күнінен 30 күн бұрын - **14 маусым 2016 жылы** басталады және сайлау күніне 25 күн қалғанда - **8 шілде 2016 жылы** аяқталады.

(п.п.13,14,15)

4. Таңдаушылардың тізімдерін жасау және оларды дауыс беруге арналған пунктте ілу.

Аумақтық сайлау комиссиясы тиісті мәслихат хатшысының ұсынуы бойынша Дауыс беру күніне 7 күн қалғанда - 6 шілде 2016 жыл

(п.п.1,7)п.п.9,48)

5. Әкімдікке кандидаттың Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабы 3-тармағында және Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізу ережесінде қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау, тиісті хаттама жасау.

Аумақтық сайлау комиссиясы

Үш күннің ішінде

(п.п.12,17,19)

6. Тұрғылықты жері бойынша салық органдарына **2016 жылғы 1 маусымға** табысы мен мүлкі туралы декларация тапсыру.

Кандидат және оның зайыбы (жұбайы). Кандидат тіркелгенге дейін.

7. Кандидаттарды тіркеу және тиісті куәлік тапсыру.

Аумақтық сайлау комиссиясы

Барлық қажетті құжаттар алынғаннан кейін басталады және дауыс беретін күнге 15 күн қалғанда - 28 маусым 2016 жылы аяқталады.

(п.п.20,24)

8. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге тәсілмен кандидаттардың тіркелгені туралы хабарлау.

Аумақтық сайлау комиссиясы

Кандидаттар тіркелгеннен кейін 7-ші күннен кешіктірмей.

(п.п.1)п.22)

9. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) жариялаған табысы және мүлкі туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру.

Салық қызметі органдары

Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларацияны тапсырған күннен бастап 7 күннің ішінде.

(п.19)

10. Кандидаттардың сенім білдірілген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру

Аумақтық сайлау комиссиясы

Сенім білдірілген адамдардың тізімдерін тіркеу үшін берген сәттен бастап.

(п.п.2)п.9,п.п.33,34)

11. Кандидаттарға таңдаушылармен кездесулері үшін шарт негізінде үй-жайды беру.

Кандидаттардың бөлінген үй-жайда таңдаушылармен кездесу кестесін жасау және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Жергілікті атқарушы органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары Тиісті аумақтық сайлау комиссиялары

Реализация государственной антикоррупционной политики - задача общенациональная.

Как идёт претворение в жизнь антикоррупционной Стратегии Республики Казахстан на 2015-2025 годы, о намеченных плановых мероприятиях по борьбе с теневой экономикой на 2015-2017 годы? Как бороться с таким неблагоприятным явлением как коррупция? - об этом шла речь в районном управлении по защите прав потребителей. Беседа проходила за «круглым столом», которую инициировали районная прокуратура и Байзакский филиал партии «Нур Отан».

Главная цель «круглого стола» - профилактика коррупции среди госслужащих.

В его работе приняли участие старший прокурор районной прокуратуры З.Айтжанова, председатель Общественного Совета по противодействию коррупции Байзакского филиала партии «Нур Отан» Р.Сарсенов.

Открыл мероприятие руководитель районного управления по защите прав потребителей А.Постанов, предоставив слово старшему прокурору З.Айтжановой.

КЕМШІЛІКТІ ЖОЮ МІНДЕТ

Өткен аптада “Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында аудандағы 2013-2016 жылдары бейімдеуге тиіс мекемелер бойынша зерделеу жұмыстарының қорытындысы туралы аудан аумағындағы әлеуметтік салалар

Үкіметтің қаулысына сәйкес осы 77 мекеменің 2013-2018 жылдарға бейімдеу кестесі бекітіліп, толығымен паспорттау жұмыстары аяқталған. Бұлардың барлығы республикалық «Қолжетімділіктің интерактивті картасы» веб-порталына енгізілген. Бейімделуі тиіс 77 мекеменің 2013 жылы 12 мекеме, 2014 жылы 12 мекеме, 2015 жылы 10 мекеме бейімделуден өтіп, 44,2 пайызға орындалған.

Мұқтаж азаматтардың қолжетімділіктерін арттыру жұмыстарында кейбір мекемелердің жиберген кемшіліктерін атап өтті.

2013 жылы бейімделген 12 мекеменің 7-сі стандартқа толық сәйкестендірілсе, 2014 жылы бейімделген 12

мекеменің 8-і, 2015 жылы бейімделуге тиіс 13 мекеменің 4-і стандартқа сай болып отыр. Үстіміздегі жылдың 1 қаңтарынан бастап, аудан бойынша 13 мекемеде бейімдеу жұмыстарын жүргізу керек болса, бүгінгі күнге осы мекемелерде нысандардың бейімдеу жұмыстары жүргізілмегені былай тұрсын, қаражат қарастырылмаған,- дей келе, баяндамашы мүгедек азаматтардың қолжетімділігін арттыру мақсатында ағымдағы жылы республикалық бюджеттен 928,0 мың теңге, облыстық бюджеттен 619,0 мың теңге қаржы бөлініп, аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі арқылы Сарыкемер, Бәйтерек, Бұрыл және Ботамойнақ ауылдық округтерінің әлеуметтік маңызды мекемелерінде мүгедектерге арналған 40 арнайы көлік автотұрағы орнатылғандығын жеткізді.

Комиссия отырысының қортындылаған Сағындық Жұмағұлұлы кейбір мекеме басшыларына жіберілген кемшіліктерді жою жөнінде тапсырмалар берді.

Өз тілшіміз.

ХАЛЫҚ ТІЛЕГІ-ТЫНЫШТЫҚ Бірлік-басты құндылығымыз

Л.ЖАБАТАЕВА, жеке кәсіпкер.

Қазақ халқында «Бірлікті ел бұзылмас» деген ерекше даналық бар. Көп ұлтты Қазақстан міне осы ұстанымды алға тартып өсіп-өркендеп келеді. Алайда, осы айдың басында, яғни 5 маусым күні елімізді дүр сілкіндірген Ақтөбе облысының орталығында орын алған оқыс оқиға баршамыздың қабырғамызды қайыстырды. Сүттей ұйып отырған елімізге бүліншілік салып, халық арасында алауыздық туғызып, тұрғындарды үрейге, қорқынышқа бөлеген экстремистік топтардың жасаған бұл істері - адами қасиеттерден жат. Өрі дін исламымыз да мұндай қылыққа қарсы. Ислам діні тыныштықты бұзу үшін емес, бұзықтықты тыю үшін жіберілгені баршаға мәлім. Қасиетті Рамазан айының басында ұйымдастырылған қанды оқиғада діннің атын жамылған лаңкестер қару-жарақ сататын дүкендерге, әскери бөлімге шабуыл жасады. Ең өкініштісі - адам шығыны орын алды.

Осы ретте айта кетерлігі, кез келген мемлекет үшін тұрғындардың қауіпсіздігі мен елдің ішкі тұрақтылығы алдыңғы орында. Қазақстандықтардың да қалауы-тыныштық екені рас. Бейбіт елімізде мұндай жағдайдың орын алғаны, арыстай азаматтарымыздан қапыда айырылып қалғанымыз, қыршын



сына қағатын зұлымдықтардың ымырасыз жолын кесуіміз қажет. Ел тыныштығын сақтамаसाқ мынадай әлемдік дағдарыстан өте алмаймыз. Сондықтан барша халық болып бірігіп, елді сақтауды ойлауымыз керек» - деуі тәуелсіздіктің

жастардың өмірден өткені өзегімізді өртеуде. Осыған байланысты Елбасы өркендеп келеді. Алайда, осы айдың басында, яғни 5 маусым күні елімізді дүр сілкіндірген Ақтөбе облысының орталығында орын алған оқыс оқиға баршамыздың қабырғамызды қайыстырды. Сүттей ұйып отырған елімізге бүліншілік салып, халық арасында алауыздық туғызып, тұрғындарды үрейге, қорқынышқа бөлеген экстремистік топтардың жасаған бұл істері - адами қасиеттерден жат. Өрі дін исламымыз да мұндай қылыққа қарсы. Ислам діні тыныштықты бұзу үшін емес, бұзықтықты тыю үшін жіберілгені баршаға мәлім. Қасиетті Рамазан айының басында ұйымдастырылған қанды оқиғада діннің атын жамылған лаңкестер қару-жарақ сататын дүкендерге, әскери бөлімге шабуыл жасады. Ең өкініштісі - адам шығыны орын алды.

кадіріне жетіп, елдігімізді нығайту жолында аянбай еңбек етуге үндейді.

Ендеше біз бірлігімізден айырылмай, тұтастығымызды сақтап қалатын сын сәтте тұрмыз. Мұндай басқыншы бүліктерге біздің қоғамда, қазақ жерінде орын жоқ екендігін айтқым келеді. Біз осындай фактілерге қарсы тұруымыз қажет.

Қазір экономика, саясат тұрғысынан болсын қиын кезеңді бастан өткеріп жатырмыз. Дегенмен мемлекеттің тәуелсіздігін сақтап қалу үшін әрбір азамат егемен елімізге қауіп төндіретін әрекеттерге тойтарыс беріп қана қоймай, отбасында балаларға ел бірлігін қастерлеу, ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіздікті тұғырлы ету, егемен елімізге адал қызмет ету жағын әрдайым айтып отыруымыз қажет. Сонымен қатар, «Мәңгілік ел» болу үшін жалпы идеологияға басымдық беруіміз керек. Осындай шаралардың нәтижесінде еліміздің тұрақтылығы бекем болып, өркендей беретініне сеніміміз мол.

Свое мнение выразил председатель Общественного Совета по противодействию коррупции Р.Сарсенов. «Профилактика и предупреждение коррупционных правонарушений, устранение и минимизация коррупционных рисков, формирование в стране антикоррупционной среды и соответствующей культуры, создание атмосферы неприятия коррупции – вот что важно для нас сегодня», - сказал он.

Высказались относительно мер по борьбе с коррупцией и сотрудники районного управления по защите прав потребителей.

Наш корр.

Ж Ы Р Ы Њ Б А Р Д А Т І Р І С І Н



Тағы бір жыл. Тағы бір жаз. Тағы бір маусым өтіп барады... Ол дүниеге келген мезгіл дәл осы шақ болатын. Арамыздан 3 жыл бұрын кеткен Қайыпназар Жалғасбайұлы тірі болғанда 16 маусым күні 69 жасқа толар еді. Аллаға да жақсы адам керек дейді ғой. Үлкенге құрметпен, ініге зетпен қарайтын тұмысы бөлек тамаша жан болатын жарықтық.

Ол сонымен қатар, өз басының жақсы қасиеттерімен бірге еңбекқорлығы, алтындай жарқыраған дарынымен биік парасат иесі бола тұрып, Отанына, халқына қызмет көрсетудің жарқын үлгісін көрсете білді.

Қайыпназар Шотбасовтың өртүрлі тақырыпта жазған батыл жырлары, ойлы әңгімелері мен шынышыл шығармалары оның шын талант екендігін дәлелдей түседі.

Жазамын адасқанға шам берсем деп,
Жазамын шөпдетенге бал берсем деп,
Жазамын ол ойға жан берсем деп,

Шіргін-ай, бәрің беріп үлгерсем тек,- деп жырлаған ақынның әрбір өлеңі халықтың жүрегіне жетіп, жігерін қайрады, рухани азық болды. Сондықтан да оның жырлары мәңгілік еліміз, жасампаз ұрпақтарымыз жасай берері анық.

Ғұмырының көбін журналистика саласына арнаған әрпестесімізді әркез еске алуды ұмытқан емеспіз. Бұл ретте Қайыпназар Шотбасовтың қайталанбас туындысы — баталарын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Бакытты заман болсын,
Басымыз аман болсын.
Бергеннің есесі кеп,
Алғаның адал болсын.

Мал-жаның есен өрсін,
Байлығың еселенсін.
Біріне бірі ілесіп,
Ұрпағың өсе берсін.

Колында кілтін жүрсін,
Ізінде жұртын жүрсін.
Тапқаның тойға бұйырып,
Жүзінде күлкің жүрсін.

Үйір-үйір жылқың болсын,
Үйірілген күлкің болсын.
Үйің толы үлпір-шүпір,
Үлбіреген ұл-қыз болсын.

Келе-келе түйең болсын,
Кереметтей киен болсын.
Келешегің кішкентайлар,
Кезек өсіп, сүйеу болсын.

Табын-табын сиыр болсын,
Таң қаларлық күйің болсын.
Тәңір қолдап, халқың сүйіп,
Тамам елге сыйың болсын.

Қора-қора қойың болсын,
Қосағында ойың болсын.
Қыз бен ұлды үйлі қылып,
Қызу думан тойың болсын.

Астанада ордам болсын,
Айналасы орман болсын.
Қаһарман ұл-қыздарымыз,
Халқымызға қорған болсын.

Алатау құт қоныс болсын,
Ақтауым ең өріс болсын.
Сарыарқамыз кеңіс болсын,
Сыр бойында жеміс болсын.
Батыста газ, мұнай болсын,

Арқада астық, бидай толсын.
Түстікте бау-бақша гүлдеп,
Шығыста да шырай болсын.

Бейбіт, нұрлы заман болсын,
Кең далама адам толсын.
Ынтымақ пен ырыс қонған,
Қазақ елі аман болсын.

Ақ бата сұрамақ,
Атадан ұлағат.
Ақ жолы ақиқат,
Аллаға мінәжат.

Пайғамбардан шапағат,
Әулиелерден шарапат.
Халыққа берекет,
Пендеге қанағат.

Шыбын жан — аманат,
Өткенге салауат.
Қалған бар жамағат,
Болсын сау-саламат.

Жайдары жарқын жаз болсын,
Жағымсыз күндер аз болсын.
Жайраңдап жүріп жаныңда,
Жарың да дәйім мәз болсын.

Күмістей күрең күз болсын,
Жеміске үй мен түз толсын.
Күлімдеп шығып күндерін,
Көретін жасың жүз болсын.

Қысымсыз қысқа қыс болсын,
Қысыны келген іс болсын.
Қиналсаң халқың қасында,
Қаулап қуат, күш болсын.

Көктем де көркем, көк болсын,
Көңілде уайым жоқ болсын.
Көргенді ұрпақ, ұл-қыздың,
Көркейіп өсіп, көп болсын.

Балам өмірлі болсын,
Тірлігі көңілді болсын.
Дос-жары сенімді болсын,
Істері өнімді болсын.

Жігерлі, жалынды болсын,
Ақылды, алымды болсын.
Білмді, болымды болсын,
Даңқты, дарынды болсын.

Атаның ұрпағы болсын,
Ырысты, ынталы болсын.
Көргеннің көңілі сүйсінер,
Жігіттің сұлтаны болсын.

Азаматтың иықтысы болсын,
Елінің сүйіктісі болсын.
Халқына қадірі артық,
Мәртебесі биік кісі болсын!

Береке, ырыс, ынтымақ,
Үйіңнен тапсын шын тұрақ.
Тамаша тірлік көшіндер,
Бакыттың буы бұрқырап.

Тыныштық, бірлік, келісім,
Керегі осы ел үшін.
Бір жүріп, бейбіт заманның,
Көрейік жеңіс, жемісін.

Тоқшылық, байлық, молшылық,
Қораңнан қаптап төл шығып,
Қолыңа билік қонақтап,
Оңалсын ісің оң шығып.

Туыстық, мейір, махаббат,
Шаттықпен шашсын шапағат.
Шал болған шақта шөберен,
Алдыңнан шықсын аталап.

Тұтынушы құқығын білуі тиіс

Бізден тілек сол болсын,
Той-думаның мол болсын.
Отау тіккен жастардың,
Талаптары оң болсын.

Бастарына күн қонсын,
Бақшасына гүл толсын.
Күнде ойын-той болсын,
Күнде өлең-жыр болсын.
Тату-тәтті күн кешіп,
Мәңгі бақи бір болсын.

Жүздерінде нұр болсын,
Іздерінде ұл болсын.
Жүре-жүре жүз болсын,
Өсе-өсе мың болсын.

Талап етсең оң болсын,
Жорытқанда жол болсын.
Тәңір берген несібен,
Телегей теңіз мол болсын.

Өміріміз зор болсын,
Орынымыз төр болсын.
Біз отырған осы үйде,
Күнде ойын, той болсын.

Я, құдайым, қараса көр!
Қыдыр ата, жанаса көр!
Тұқым, тұяқ, әулетіме,
Жақсылыққа жол аша көр!

Я, құдайым, қараса көр!
Мұқалмайтын денсаулық бер,
Таусылмайтын тамаша бер!

Я, құдайым, қараса көр!
Тілегіммен санаса көр.
Ауру, сырқат, апат, ажал,
Бәле-жәле адаса көр!

ИЗУЧАЕМ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Р.ДЖАКИПБАЕВА,
«Ауыл жаңалығы».

В соответствии с Конституцией Республики Казахстан, государственным языком является казахский язык. Известно, что до обретения независимости основным языком делопроизводства, образования, науки и других сфер был русский язык. При этом, казахский язык был отнесен в сферу быта и национальной литературы. После того, как Казахстан стал суверенным государством, историческая справедливость была восстановлена, и казахский язык начал уверенно развиваться, неуклонно расширяется сфера его применения, всё большее число граждан активно используют его в повседневной жизни и в профессиональной деятельности. Казахским языком активно овладевают представители других национальностей, в первую очередь, молодёжь.

В Основном законе нашего государства также записано, что в государственных организациях и органах местного самоуправления, наравне с казахским, официально употребляется русский язык.

70 лет советской власти не прошли даром. Сегодня коренное население в нашей республике владеет русским языком иногда лучше, чем своим родным. Это продукт времени - когда без знания русского языка люди не могли занимать руководящие посты, невозможен был карьерный рост. И преподавали его в школе ни в какое сравнение с казахским. Русский язык и литература были ведущими предметами, история тоже - древняя, зарубежная, новая, а историю Казахстана проходили «наскоком». К казахскому языку подход вообще был формальным - казахам и отличникам автоматически ставили пятёрки. Это наша история, и какая бы она не была, эти страницы не вычеркнешь. Теперь всё повернулось с точностью наоборот...

Естественно, с приобретением независимости мы возвращаемся к истокам. Это очевидно: без языка, нет народа. Расширяется сфера функционирования государственного языка, в связи с этим принята государственная программа, утверждён праздник - День языков народа Казахстана. Президент Н.А. Назарбаев, обращаясь к народу с Посланием «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» сказал: «Ответственная языковая политика является одним из главных консолидирующих факторов казахской нации».

Сегодня уже без знания казахского языка невозможно устроиться на работу, в первую очередь, на госслужбу. И это правильно. Таково веление времени.

Процесс возврата к истокам - уже не остановить, он идёт - мы хотим знать казахскую историю, литературу,

изучать язык. И начинать это надо со школы. Что скрывать, ведь, чтобы подготовить ребёнка к школе, сдаче ЕНТ, к поступлению в ВУЗ, мы нанимаем репетиторов, тех же самых учителей, которые преподают у нас в школе, хотя они должны давать эти знания в стенах школы. У нас 11-летнее среднее образование, в будущем планируем перейти на 12-ти летнее. И при всём этом дополнительно учим детей на дому. Парадокс. А наши учителя пишут учебные планы, проводят семинары, конференции, коучинги (ещё одно нововведение) о том, как они учат детей в школе, какие новейшие технологии внедряют и используют для обучения (это им необходимо для отчётов, для получения категории), и у них просто не остаётся времени для практических занятий с детьми. Это касается и уроков казахского языка. Грамотность - это продукт среднего образования, затем его уже не нарастаешь.

Перед нынешними родителями, отдающими детей в школу, стоит дилемма: в какую школу отдать ребёнка. С детским садом мы как-то разобрались: здесь дети общаются на казахском языке, владеют им - дошкольное воспитание у нас более менее на уровне.

